

Кожажулов Айдын Токтасыновичтың 6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеудің тақырыбы: Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Зерттеудің мақсаты: арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық негіздеу, әдістемелік кешенін дайындау және оның тиімділігін эксперимент негізінде тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

- арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;
- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт-технология арқылы дамытудың мазмұны мен құрылымын айқындау;
- арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін құрастыру және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент негізінде тексеру.

Зерттеудің нысаны: педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби даярлау үдерісі.

Зерттеудің әдістері: философия, педагогика, психология, өнертану саласы бойынша ғылыми еңбектерді зерттеу тұрғысынан талдау, жинақтау, қорыту, зерделеу, салыстырмалы және контент талдау, бақылау, сауалнама мен тестілеу, тәжірибелік эксперимент жұмысын жүргізу, оның нәтижесін бағалау, математикалық өңдеу және қорыту.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт технология арқылы дамыту – тұлғаның сапалық өзгерістерге ұшырап, жаңа деңгейге көтерілуін кәсіби даярлығының құрамдас бөлігі ретінде тану, педагогикалық үдерісте арт-технология ерекшеліктерін білу және техникаларын тиімді қолдану, шығармашылық кеңістік құру білім, құндылықтар, қабілеттер, дағдылардың дамуын тұрақты қамтамасыз етеді.

2. Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігінің дамуына қажетті тұлғалық қасиеттер, дағдылар жиынтығы. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері қызметінде арнайы немесе қызметтік, әлеуметтік-коммуникативті, жеке, интеллектуалды-шығармашылық құзыреттіліктерін пайдалана алу мүмкіндігі.

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің арт-технология арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу негізінде мотивациялық-құндылықтық, эмоционалды-коммуникативтік, когнитивті-аналитикалық, рефлексивтік-іс-әрекеттік компоненттерінің бірыңғай құрамы дамиды.

4. Арт-технологиясы арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға арналған «Арт-технология» элективті курсы мен «Art House» студиясының бағдарламасы, «Арт-технология оқу-әдістемелік құралы, «Әлемдік өнер тарихы» дәрістер жинағына жинағынан тұратын әдістемелік кешен дайындалды және оның тиімділігі тәжірибеде тексерілді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы: Зерттеу жұмысының ғылыми аппараттың мазмұнына сәйкестілігімен; теориялық және әдіснамалық негізделумен; тұғырлары мен ұстанымдардың ғылыми нақтыланумен; зерттеу жұмысының теориялық және эмпирикалық әдістерін тиімді пайдаланумен; жинақталған деректердің дәлелділігімен, шетелдік және отандық ғалымдардың идеялары талданып, зерттеушінің берген авторлық анықтамасымен толықтырылғанымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың математикалық статистикалық өңделіп, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттеріне сәйкес көрсеткіштер нәтижелерінің тиімділігімен, нәтижеде диссертация болжамының расталуымен сипатталады.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын және ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес негіздеу: зерттеуде тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже жаңалығының дәрежесі келесідей:

1-нәтиже жаңа. Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту теориялық және әдіснамалық тұрғыда зерттеліп, ғылыми тұжырымдамалар негізделді. Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың мәні мен мазмұны, құрылымы, қызметі анықталды. Кәсіби іс-әрекетін болжамдық, стратегиялық мақсат қою тұрғысынан сипаттайтын дамытуға негізделген «кәсіби құзыреттілікті» құраушы білім, білік, дағды, ойлау операция жиынтығын қамтитын арт-технологияның даму эволюциясы мен зерттелу кезеңдері, арт-терапия, арт-педагогика және арт-технологияның өзара айырмашылықтары мен байланысы, қызметі, алғышарттары және кәсіби құзыреттіліктеріне қойылатын талап факторлары анықталған.

2-нәтиже жаңа. Арт-технология техникалары: шаблонография, граттаж, дудлинг, изонить, reade-made және стилизация таңдалып алынды.

Арт-технологияға SWOT анализ арқылы салыстырып, күшті, әлсіз жақтары, мүмкіндіктері, қауіптер анықталып, талдау жасалды. Арт-технологияның басқа оқыту технологиялардан басты артықшылығы анықталып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің бойында байқалған күшті және әлсіз құзыреттілікті дамыту мен кемшіліктерді жою мақсатында әдістемелік кешен дайындалып, көркемдік шығармашылық

әрекеттермен қамтамасыз етілген.

3-нәтиже жаңа. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бакалаврда білім беру бағдарламасының мазмұны талданды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін арт-технология арқылы дамытуды ғылыми негіздейтін таным, құзыреттілік, тұлғалық бағдарлылық, құндылық, өнер, біртұтас, педагогикалық үдеріс теориялары мен әдіснамалық тұжырымдамалар: аксиологиялық, акмеологиялық, инновациялық, когнитивтік, мәденитанымдық, тұлғалық-іс әрекеттік, құзыреттілік, жүйелілік, голографиялық тұғырлар мен ұстанымдары; мотивациялық-құндылықтық, эмоционалды коммуникативтік, когнитивті-аналитикалық, рефлексивтік-іс-әрекеттік компоненттері, соған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштері; жоғары, орташа, төмен деңгейлері; формалары, техникалары, құралдары, диагностика әдістері мен дамыту ортасын құруға негізделген «теориялық негіздері», «әдіснамалық негіздері», «әдістемелік негіздері» және «нәтижеге бағытталған іс-әрекет» блоктарын қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған.

4-нәтиже жаңа. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің арт-технология арқылы дамытуға арналған «Арт-технология» элективті курсы мен «Art House» студиясының бағдарламасы, «Арт-технология оқу-әдістемелік құралы, «Әлемдік өнер тарихы» дәрістер жинағынан тұратын әдістемелік кешен жасалды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің мотивациялық-құндылық, эмоционалды коммуникативтік, когнитивті-аналитикалық, рефлексивтік-іс-әрекеттік кәсіби құзыреттіліктерінің дамуына ықпал ету мүмкіндіктерін жүзеге асыратын әдістемелік кешен жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісін қамтитын: арт-технологияға арналған дәрістер, сабақтан тыс ұйымдастырылған арт-сабақтар мен факультативтік курс, арт-көрмелер, шебер-сыныптар сынақтан өтіп, тәжірибелік-эксперимент нәтижесінде тиімділігі дәлелденді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы, «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі атты жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; ҚР «Педагог мәртебесі» Заңы, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары; Педагогтің кәсіби стандарты; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары; Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі; «Баршаға сапалы қол жетімді білім» педагогтердің I съезіне дайындалған Ұлттық баяндамасы»; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде әзірленген ҚР педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Осы аталған құжаттар болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың өзектілігін айқындауға және зерттеу жұмысын жазу барысында басшылыққа алынды.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (диссертация авторының жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген): диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша

барлығы 9 еңбек жарияланды, соның ішінде Scopus базасына енген басылымда – 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3 мақала, отандық ғылыми журналдарда – 2 мақала, шетелдік ғылыми журналда – 1 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында – 1 мақала және Республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 1 мақала шыққан.

1. Art technology as a means of preparing competent teachers for pre-school activities. Education 3-13. International Journal of Primary, Elementary and Early Years Education. Publisher: Taylor & Francis. ISSN:0300-4279E-ISSN:1475-7575. Published online: 25 Mar 2024 <https://doi.org/10.1080/03004279.2024.2331578> <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85189559064&origin=AuthorNamesList&txGid=2ef6f23ffc8f089949bfe09897771d74&isValidNewDocSearchRedirection=false> Мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда шығармашылық, белсенділік және жаңа бастаманы ынталандыру үшін арт технологияның маңызы, қызметі туралы айтылып, техникаларын қолданудың тиімді жақтары берілген. Докторанттың қосқан үлесі – 60%. (Қосалқы авторлар: Т. Kozhagulov, M. Dzhanayev, N. Adamkulov, B. Bekenova)

2. Арт-практики в дошкольной педагогике: мировые тренды и Казахстанские реалии. Педагогика және психология. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. - №1 (42), 2020.-Б.39-44. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/17/361> Мақалада арт-технологиялық өнер түрлеріне негізделген когнитивті тәжірибенің озық үлгілері берілген. Мектепке дейінгі ұйымда балаларды әлеуметтік-эмоционалды дамытуға байланысты болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігі көрсетілген. Докторанттың қосқан үлесі – 70% (Қосалқы автор: А. Алимбекова)

3. Заманауи білім кеңістігіндегі арт-технологиялардың рөлі мен маңыздылығы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика Ғылымдары сериясы. №4(68). 2020. - Б.126-129. <https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.20> Мақалада мектепке дейінгі ұйымда болашақ педагогтер заттық дамытушы ортаны құруға қажетті кәсіби құзыреттілігін арт-технология арқылы дамытудың рөлі мен маңыздылығы баяндалған. Докторанттың үлесі - 100%

4. Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың әлеуеті. Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті хабаршысы. Педагогика ғылымдарының сериясы. Т.74. №3. 2024. – Б.266-287 DOI <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.0> Мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арт-технология арқылы дамыту теориялық және практикалық талданып, техникалары ұсынылған. Докторанттың қосқан үлесі – 60% (Қосалқы авторлар: А. Алимбекова, Т.С. Жумашева, А.И. Булшекбаева)

5. Art Technologies in Modern Kazakh Education: Tendencies and Trends.

International Journal of Disaster Recovery and Business Continuity Vol.11, No. 1. 2020. - P.3276-3284.

<http://sersec.org/journals/index.php/IJDRBC/article/view/30745> Мақалада арт-технология педагогикалық үдерісте бірлескен іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді құралы ретінде айтылып, болашақ педагогтердің мотивациясы, өзіндік ерекшелігін сезіну және тұлғаның шығармашылық әлеуетін арттыру, топтық жұмыс дағдыларын дамыту мәселесі жазылған. Докторанттың қосқан үлесі – 60% (Қосалқы авторлар: W. Zhenghui, L. Li, Y. Assembay, A. Aitbayeva, A. Shayakhmetova)

6. Білім мен мәдениет құрылымының әлеуметтік байланысы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Көркемөнерден білім беру: өнер-теориясы-әдістемесі» сериясы. Алматы. – №4 (69), 2021. – Б.54-60

https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20220430032917.pdf Мақалада білім беру үдерісі мен мәдениет философиясының өзара байланысы қарастырылып, арт-технологияның қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен білім мен мәдениеттің интеграциясының әсері туралы ғылыми идеялар талданған. Докторанттың үлесі - 100%

7. Болашақ мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда арт-технологияларды қолданудың теориялық және практикалық аспектілері. Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының Хабаршысы. Алматы. №1 (қаңтар-ақпан), 2021. – Б.122-129. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44905369> Мақалада жоғары оқу орнында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін арт-технология арқылы дамытудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылған. Докторанттың үлесі - 60% (Қосалқы автор: А.А. Алимбекова)

8. Art education in the XXI century: modern trends, tendency and challenges (in Kazakhstan examples). Сібір мен оған іргелес аумақтардың көркем өмірі: дәстүрлер мен қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. РФ, Алтай мемлекеттік университеті. - 2019. - Б.127-134. <http://journal.asu.ru/knc/article/view/9537/7796> Мақалада ұлттық әшекей қолөнері үлгісін пайдалана отырып, ресми және бейресми көркемдік білім беру контекстінде Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және танымал ету мәселелері қарастырылған. Докторанттың үлесі - 60% (Қосалқы авторлар: W. Zhenhui, G. Meldesh)

9. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің құзыреттілігін дамыту. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Педагогикалық теория және практика: тарихы, қазіргі жағдайы, келешегі» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. Қарағанды. – 2020. – Б.771-775. <https://bitly.cx/bFAfe> Мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін қазіргі заман талабына сәйкес жан-жақты дамыту және оқу үдерісінде алған білімін, тәжірибеде тиімді қолдану жолдары айтылған. Докторанттың үлесі - 70% (Қосалқы авторлар. Г.М. Мышбаева, Ж.А. Мамытбаева)